

Табиғи
көмірсутекті газдар.

Химиялық құрамы.

Табиғи көмірсутекті газдар

- көп компонентті шектеулі көмірсутектің және көмірсутексіз қосылыстардың (азот, көмір қышқылы, күкіртті сутек, инертті газдар, сынап және меркаптан) қоспасынан тұрады.

Өндірістік шоғырланған шөгінді қабаттың табиғи газдары келесідей болып бөлінеді.

- құрғақ газдар,
- мұнайға серіктес газдар (майлы газдар),
- газдыконденсатты кен орынның газдары,
- таскөмір кенорнының газдары

Құрғақ газдар

негізінде метанның (97-98%)
ауыр гомологтарымен этан,
пропан, бутанның (2-3%)
қоспасы жатады.

Мұнайға серіктес газдар

- құрамы метаннан (50% және одан да жоғары) басқа ауыр көмірсутектердің (этан, пропан бутанның айтарлықтай мөлшерінен, сондай-ақ анағұрлым ауыр сұйық көмірсутектердің пентан, гексан және т.б.-дың буынан тұрады).
- ауыр көмірсутектердің жалпы мөлшері 10-50%.
- әртүрлі мөлшерде көмірқышқыл газы, азот сирек газдар (гелий, аргон) күкіртті сутек, сутек кездеседі.

Көмір кенорындарының газдары

- метанның мөлшері көп болады және әртүрлі дәрежеде көміртектің екі валентті тотығы мен азот кездеседі.
- соңғы екі компоненттің газ қоспасындағы мөлшері атмосфераның газ алмасуымен байланысты.
- жер бетінде жақындаған сайын шамасы бойынша ұлғаяды.
- көмір кенорындарының газдарында ауыр көмірсутектер болмайды.

Табиғи жанғыш газдар

- көмір немесе таза газ кенорындарында жеке шоғыр түрінде кездесуі мүмкін
- мұнай шоғырларының төбесінде газ шапкасын түзуі мүмкін
- мұнайдағы еріген күйде (серіктес газдар) кездесуі мүмкін

- Газдардың көмірсутекті құрамының негізгі сипаттамасы – метан мен анағұрлым ауыр көмірсутектердің мөлшерлік арақатынасы яғни, газдың құрғақшылығын немесе газдың майлылығын сипаттайтын кері шама болып табылады.

Табиғи көмірсутекті газдардың физикалық қасиеттері

Газ тығыздығы

- нөлдік температура мен 0,1 МПа қысым кезінде газдың көлем бірлігінің массасы. Газ тығыздығы әдетте 0,73-1,2кг/м³.

Газ тұтқырлығы

- мұнаймен салыстырғанда өте аз, $0,0001 \text{ МПа} \cdot \text{с}$ шамасын құрайды.

Газдың сығымдылық коэффициенті

- бірдей қысым мен температура кезінде реалды және идеалды газдардың мольдерінің бірдей сандары көлемінің қатынасын көрсетеді.
- бұл қасиеті газ құрамын анықтайды және температура мен қысымға тәуелді болып келеді.
- оның әдетте кездесетін мәні 0,8-1,2 аралығында.

Газдың жану жылуы

- 1м³ немесе 1кг газды өртеу кезінде бөлініп шығатын жылу мөлшерімен өлшенеді.
- Табиғи газдардың орташа жану жылуы 35-40Дж/м³.

Сұйықтағы көмірсутекті газдардың ергіштігі келесідей заттарға тәуелді болып келеді

- **газды және сұйық фазаның химиялық құрамына**
- **температура және қысымға**

Газды гидраттар

- Белгілі бір қысым мен температурада көмірсутекті газдар сумен бірге қатты кристалды қосылыстар, яғни газ гидраттарын түзеді.

- Метан гидраттарының

формуласы



- Этан гидраттарының

формуласы



- Табиғи газ гидраттарының тығыздығы 0,9-1,1 г/см³
- Температура жоғарылаған сайын немесе қысым төмендеген сайын гидраттар газ бен суға айналады.

Конденсат

- Қабаттық жағдайда газ тәрізді күйінде болатын және көмірсутекті газда еріген көмірсутекті сұйықтықты айтады.

Газ бен мұнайдан айырмашылығы

- конденсат табиғатта жеке шоғыр түрінде кездеспейді.
- конденсат жер қыртысында газда еріп, газ тәрізді күйдегі (газ қоспасында C_5 және одан да жоғары) газды конденсатты шоғыр түзеді.

- Газды конденсатты шоғырларда конденсаттың мөлшері бірнеше грамнан 1300г/м³-га дейін жетеді.

- Конденсаттың химиялық құрамы мұнайдың химиялық құрамына ұқсас;
- Басты айырмашылығы – конденсатта қатты көмірсутектер болмайды;
- Конденсат негізінен пентаннан, гексаннан және гептаннан тұрады;
- Конденсаттың құрамында метанды көмірсутектермен қатар ароматты және нафтенді көмірсутектер кеңінен тараған;
- Конденсат аз шайырлы болып келеді;
- Конденсаттың құрамында асфальтендер болмайды;
- Конденсат тығыздығы 0,7-0,8г/см³ (орташа тығыздығы 0,75 г/см³).

- Конденсаттан ашық түсті өнімдер – бензин, керосин, дизель, жанар май алынады.

Табиғи мұнай битумдары

қатты, тұтқыр және тұтқыр-
пластикалық көмірсутекті қоспалар –
мұнай туындылары болып табылады.

Физикалық-технологиялық көрсеткіштері мен топтық құрамы бойынша бірнеше класқа бөлініп шығады:

- Мальталар
- Асфальттар
- Кериттер
- және олардың арасында антроксолиттер